

## Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 қазандағы № 51 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 қарашада № 3451 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 ақпандағы № 150 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 18.02.2014 № 150 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 «Бюджеттік Кодексінің» 56-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес аудандық мәслихат

### Ш Е Ш І М

### Е Т Е Д І :

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік күндерге төмендегі мөлшерде әлеуметтік көмек көрсетілсін:

Халықаралық балаларды қорғау күніне 18 жасқа дейінгі балаларына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын аналарға – 20000 (жиырма мың) теңгеден ;

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұратын және емделіп жүрген туберкулез ауруымен ауыратын азаматтарға, біржолғы – 10000 (он мың) теңгеден;

Халықаралық қарттар күніне ең төменгі және ең төменгі зейнетақыдан төмен зейнетақы алатын зейнеткерлерге – 10000 (он мың) теңгеден.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қ. Қ а з ы б а е в қ а жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы:

хатшысы:

Ж.Б.Қамбаров

Б.Т.Бисекенов